

Астана қаласы мәслихатының
2025 жылғы «___» _____
№ _____ шешіміне
қосымша

Астана қаласының аумағында
Құрылыс қалдықтарды басқару қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Астана қаласының аумағында Құрылыс қалдықтарды басқару Қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 319-бабының 5-тармағына, 321, 322, 351, 365, 376 және 380-баптарына, «Қазақстан Республикасындағы «Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, СТ РК 3792–2022 «Қалдықтар. Құрылыс қалдықтарын басқару талаптары. Негізгі ережелер» және өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес әзірленді.

2. Осы Қағидалар Астана қаласының аумағында құрылыс қалдықтарымен жұмыс істеу тәртібін айқындайды және барлық мемлекеттік органдарға, кәсіпорындар мен ұйымдарға, олардың ұйымдық-құқықтық нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, сондай-ақ құрылыс қалдықтарын басқаруға байланысты қызметпен айналысатын жеке тұлғалар мен кәсіпкерлік субъектілеріне қолданылады.

3. Қағидаларда келесі терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) құрылыс қалдықтары – тұрғын немесе өндірістік ғимараттарды, құрылыстарды, өнеркәсіптік объектілерді, жолдарды, инженерлік және өзге де коммуникацияларды бұзу, бөлшектеу, қайта жаңарту, жөндеу (соның ішінде күрделі жөндеу) немесе салу процесінде пайда болатын қалдықтар;

2) қауіпті құрылыс қалдықтары – экологиялық заңнамаға сәйкес қауіпті санатқа жатқызылған қалдықтар. Оларды басқару бойынша операцияларды қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган беретін лицензия негізінде мамандандырылған кәсіпорындар жүзеге асырады;

3) құрылыс қалдықтарының түзушісі/иесі – өз қызметін жүзеге асыру барысында құрылыс қалдықтарын түзетін кез келген жеке немесе заңды тұлға (құрылыс қалдықтарының бастапқы түзушісі) немесе осындай қалдықтардың қасиеттері мен құрамын өзгертуге әкелетін өңдеу, араластыру немесе басқа да операцияларды жүзеге асыратын кез келген тұлға (құрылыс қалдықтарының қайталама түзушісі);

4) құрылыс қалдықтарын басқару – құрылыс қалдықтарын жинау, тасымалдау, өңдеу, қалпына келтіру және/немесе жою бойынша жүргізілетін қызмет;

5) құрылыс қалдықтарын есепке алу – құрылыс қалдықтарының сандық және сапалық көрсеткіштері, сондай-ақ оларды басқару туралы ақпаратты үздіксіз электронды құжаттық тіркеу жүйесі;

6) құрылыс қалдықтарын жинақтау – оларды кейіннен пайдалану немесе залалсыздандыру мақсатында арнайы жабдықталған сақтау орындарында алты айдан аспайтын мерзімге ұстап тұру.

7) құрылыс қалдықтарын бөлек жинау – оларды әрі қарай мамандандырылған басқаруды жеңілдету мақсатында түрлері немесе топтары бойынша жеке жинау;

8) құрылыс қалдықтарын бөлек жинауға арналған контейнер – 8–12 м³ көлеміндегі жинақтаушы бункер (қайық тәрізді контейнер) түріндегі сыйымдылық, құрылыс қалдықтарының жекелеген түрлерін бөлек жинауға арналған, стандарттау құжаттарының талаптарына сәйкес жасалған және құрылыс қалдықтары түзілетін нысанда арнайы бөлінген орындарда орналастырылатын, айқын контрастты таңбалауы бар контейнер;

9) қауіпті құрылыс қалдықтарының паспорты – экологиялық заңнамаға сәйкес құрылатын және бекітілетін, қызметі барысында құрылыс қалдықтарын түзетін бизнес субъектілері жасайтын құжат;

10) құрылыс қалдықтары түзілетін нысан – құрылыс қалдықтары түзілетін құрылыс алаңы немесе бизнес субъектілері құрылыс, монтаж, жөндеу және өзге де жұмыстарды жүзеге асыратын өндірістік учаске;

11) құрылыс қалдықтары түзілетін нысан – құрылыс қалдықтары түзілетін құрылыс алаңы немесе бизнес субъектілері құрылыс, монтаж, жөндеу және өзге де жұмыстарды жүзеге асыратын өндірістік учаске.

12) құрылыс қалдықтарын залалсыздандыру – олардың қауіпті қасиеттерін азайту немесе жою мақсатында механикалық, физика-химиялық немесе биологиялық өңдеуден өткізу;

13) құрылыс қалдықтарын кәдеге жарату – қайта өңдеуден тыс қалдықтарды пайдалануға бағытталған процесс, соның ішінде оларды жылу немесе электр энергиясын алу үшін қайталама энергетикалық ресурс ретінде, әртүрлі отын түрлерін өндіру үшін, сондай-ақ құрылыс мақсаттарында, жердегі немесе жер қойнауындағы пайдаланылған кеңістіктерді (қуыстарды) толтыру (бекіту, көму) үшін немесе ландшафттарды қалыптастыру немесе өзгерту кезінде инженерлік мақсаттарда қайталама материалдық ресурс ретінде қолдану;

14) құрылыс қалдықтарын басқаруды мониторингілеу жүйесі (бұдан әрі – Мониторинг жүйесі) – Астана қаласындағы экологиялық мониторингтің автоматтандырылған жүйесі, онда құрылыс қалдықтарын түзетін, оларды жинауды, тасымалдауды, жеткізуді және кейіннен қалпына келтіру және/немесе жою бойынша операциялар жүргізілетін алаңға беруді жүзеге асыратын бизнес субъектілері цифрлық форматта тіркеледі;

15) мониторинг жүйесінің әкімшісі – құрылыс қалдықтарын мониторингілеуге арналған мамандандырылған бағдарламалық қамтамасыз

етудің (бұдан әрі – МБҚ) иесі/меншік иесі болып табылатын заңды тұлға, ол МБҚ-ны пайдалану қызметтерін кәсіпкерлік субъектілеріне, жергілікті атқарушы органға және Астана қаласы бойынша экологиялық бақылау органына ұсынады;

16) ғимараттар мен құрылыстарды бұзу – ғимараттар мен құрылыстарды немесе олардың жекелеген элементтерін толық немесе жартылай жою, оларды бөлшектеу немесе қирату арқылы жүзеге асырылатын процесс. Бұл жұмыс Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2021 жылғы 29 сәуірдегі №202 бұйрығымен бекітілген Объектілерді постутилизациялау (ғимараттар мен құрылыстарды бұзу) бойынша жұмыстар кешенін жүргізуге шешім беру қағидаларының талаптарына сәйкес орындалады;

17) құрылыс қалдықтарын жинау – құрылыс қалдықтарын жеке және заңды тұлғалардан мамандандырылған ұйымдар арқылы ұйымдасқан түрде қабылдау және оларды қалпына келтіру және/немесе жою бойынша операциялар жүргізу үшін құрылыс қалдықтары полигонына тасымалдау бойынша қызмет;

18) құрылыс қалдықтарының деректер базасы – құрылыс қалдықтары туралы құрылымдалған деректер жиынтығы, олардың сипаттамаларын және объектілер арасындағы өзара байланыстарды сипаттайтын тұжырымдамалық құрылымға сәйкес ұйымдастырылған ақпарат жүйесі;

19) цифрлық құралдар – ақпаратты электронды форматта құруға, басқаруға және алмасуға көмектесетін бағдарламалық қамтамасыз ету немесе қосымшалар;

20) полигон құрылыс қалдықтары – жергілікті атқарушы орган айқындаған, құрылыс қалдықтарын қалпына келтіру және/немесе жою бойынша операциялар жүргізілетін орын;

21) мамандандырылған көлік құралы – мониторинг жүйесінде тіркелген, GPS құрылғысымен (трекермен) жабдықталған және құрылыс қалдықтарын тасымалдауға арналған көлік құралы;

22) құрылыс қалдықтарын тасымалдаушылар – мониторинг жүйесінде мамандандырылған көлік құралымен құрылыс қалдықтарын тасымалдау қызметін жүзеге асыратын кәсіпкерлік субъектілері (мамандандырылған тасымалдау ұйымы);

23) изинг алушы – лизинг шарты негізінде құрылыс немесе коммуналдық қалдықтарды тасымалдауға арналған мамандандырылған көлік құралын қабылдайтын лизингтік мәміле қатысушысы.

4. Қолданыстағы қағидалардың негізгі мақсаты Астана қаласында құрылыс қалдықтарын басқарудың тиімді жүйесін құру, ол рұқсат етілмеген қоқыс үйінділерінің пайда болуына жол бермеуге, қоршаған орта мен халықтың денсаулығына теріс әсерді барынша азайтуға бағытталған.

5. Қолданыстағы қағидалардың міндеттері мыналар болып табылады:

- 1) құрылыс қалдықтарын жинау, тасымалдау, қалпына келтіру және/немесе жою бойынша талаптарды әзірлеу және енгізу;
- 2) құрылыс қалдықтарын басқару процесінде экологиялық нормалар мен талаптардың сақталуын қамтамасыз ету;
- 3) құрылыс қалдықтарын қайта пайдалану мен қайта өңдеуді ынталандыру;
- 4) құрылыс қалдықтарын басқару мәселелерінде құрылыс, бұзу, бөлшектеу, қайта жаңарту, жөндеу (соның ішінде күрделі жөндеу) процесіне қатысушылардың хабардарлығын және жауапкершілігін арттыру;
- 5) құрылыс қалдықтарын басқару жүйесіне олардың өмірлік циклының барлық кезеңдерінде цифрлық технологияларды енгізу..

2-тарау. Құрылыс қалдықтарын басқаруға қойылатын жалпы талаптар

6. Кәсіпкерлік субъектілері, қызметі барысында құрылыс қалдықтары түзілетін, оларды бөлек жинауды және құрылыс қалдықтары полигонына тасымалдауға дейінгі кезеңде түзілген нысанда уақытша сақтауды жүзеге асыруы тиіс.

7. Қауіпті құрамдас құрылыс қалдықтары полигонда қауіпті емес қалдықтардан бөлініп, оларды қалпына келтіру және/немесе жою бойынша операциялар жүргізу үшін тиісті лицензиясы бар мамандандырылған кәсіпорындарға берілуі тиіс.

8. Қызметті бастамас бұрын құрылыс қалдықтары түзілетін нысанда қалдық түзуші Мониторинг жүйесінде тіркеліп, құрылыс қалдықтары полигонымен келісімшарт жасасуы тиіс.

9. Келісімшартта құрылыс қалдықтарының шартты есептік түзілетін көлемі және оларды құрылыс қалдықтары полигонына тасымалдау тәсілі (өз күшімен немесе құрылыс қалдықтарын тасымалдаушыны пайдалана отырып) көрсетіледі.

Бұл ретте, құрылыс қалдықтарын кәдеге жаратуға байланысты шығыстар қалдық түзушінің жауапкершілігінде болады.

10. Құрылыс қалдықтары түзілетін нысандарды салу, сондай-ақ оларды жөндеу және қайта жаңарту бойынша жұмыстар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әзірленетін жоба негізінде жүргізіледі.

11. Жобалық құжаттамада құрылыс, жөндеу және қайта жаңарту жұмыстары бойынша, сондай-ақ бұзу жұмыстарын жүргізу жобасында жоспарланған құрылыс қалдықтарының түзілетін көлемі және олардың жинау, тасымалдау, қалпына келтіру және/немесе жою (кәдеге жарату) шығындары көрсетілуі тиіс.

12. Құрылыс қалдықтары басқа қалдық түрлерінен міндетті түрде тікелей түзілген нысанда бөлінуі тиіс, мұнда оларды бөлек жинауға арналған арнайы орын бөлінеді. Құрылыс қалдықтарын бөлек жинау, жинақтау және есепке алу жауапкершілігі түзуші тұлғаларға жүктеледі.

13. Жұмыстар ғимаратты бұзу бойынша меншік иесінің немесе құрылыс салушының немесе соттың я жергілікті атқарушы органның шешімі негізінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әзірленген жобалық құжаттама негізінде жүзеге асырылады.

14. Құрылыс қалдықтарын жинақтау орны түзілген нысанда арнайы тор қоршаумен жабдықталуы тиіс, ол ірі және ұсақ дисперсті бөлшектердің құрылыс қалдықтары түзілген нысан аумағынан тыс таралуын болдырмауы қажет.

15. Кәсіпкерлік субъектілері түзетін құрылыс қалдықтарының көлемі олардың өз күшімен немесе мамандандырылған тасымалдау ұйымы арқылы құрылыс қалдықтары полигонының алаңына жеткізілген қалдықтардың көлеміне сәйкес болуы тиіс.

16. Жобалау-сметалық және өзге де құжаттамада, оның ішінде кәсіпкерлік субъектілері жүзеге асыратын тұрғын немесе өндірістік ғимараттарды, құрылыстарды, өнеркәсіптік нысандарды, жолдарды, инженерлік және басқа да коммуникацияларды бұзу, бөлшектеу, қайта жаңарту, жөндеу (соның ішінде күрделі жөндеу) немесе салу бойынша жұмыстарда, құрылыс қалдықтарының шартты есептік түзілетін көлемі түрлері мен мөлшері бойынша көрсетілуі тиіс, сондай-ақ олардың жинау, тасымалдау және қалпына келтіру және/немесе жою бойынша операцияларға арналған шығындары қарастырылуы қажет.

17. Мониторинг жүйесінің әкімшісі құрылыс қалдықтарын басқарудың ашықтығы мен тиісті мониторингін қамтамасыз ету мақсатында қатысушыларды тіркеу бойынша талаптарды әзірлейді, оларға мыналар жатады:

- 1) құрылыс қалдықтарының түзушілері;
- 2) контейнер өндірушілері;
- 3) құрылыс қалдықтарын тасымалдаушылар – ұйымдар (кәсіпорындар);
- 4) құрылыс қалдықтарын шығаруды қажет ететін жеке тұлғалар;
- 5) құрылыс қалдықтары полигоны.

18. Тыйым салынады:

1) құрылыс қалдықтарын қатты тұрмыстық қалдықтар полигонында жинақтап, көму.;

2) құрылыс қалдықтарын тасымалдау үшін жұмыс істеп тұрған GPS (трекер) құрылғысымен жабдықталмаған көлік құралдарын пайдалану;

3) құрылыс қалдықтарын өзара және басқа қалдық түрлерімен араластыру, құрылыс қалдықтарын бекітілген жобалық шешімдерге сәйкес қалпына келтіру жағдайларын қоспағанда;

4) құрылыс қалдықтарын арнайы жергілікті атқарушы орган айқындаған орындардан тыс жинақтау және жинау (орналастыру);

5) жеке тұлғалар мен кәсіпкерлік субъектілерінің құрылыс қалдықтарын басқаруға қатысты кез келген әрекеттерді құрылыс қалдықтарын мониторингілеу жүйесінен тыс жүзеге асыруы;

- 6) мониторинг жүйесіне толық немесе ішінара жалған мәліметтер енгізу;
- 7) коммуналдық және құрылыс қалдықтарын контейнер алаңдарында орнатылған контейнерлерден тыс жинақтау.

3-тарау. Құрылыс алаңдарын қалдықтарға арналған контейнерлермен жабдықтау

19. Астана қаласының аумағында орналасқан барлық құрылыс қалдықтары түзілетін нысандар қалдықтардың жермен (топырақпен) жанасуын болдырмайтын контейнерлік алаңдармен жабдыкталуы тиіс.

Контейнерлік алаңдар коммуналдық және құрылыс қалдықтарын уақытша жинақтау және бөлек жинау мақсатында контейнерлерді орналастыруға арналған.

20. Жабдықтар құрылыс қалдықтарын жинауға арналған және Қазақстан Республикасының стандарттау құжаттарының талаптарына сәйкес болуы тиіс.

21. Контейнеры открытого типа в виде бункера-накопителя должны иметь крепления для установки тента.

22. Құрылыс алаңдарында келесі санаттар бойынша бөлек жинау ұйымдастырылуы қажет:

1) коммуналдық қалдықтар, құрылыс қалдықтары түзілетін нысанның персоналы тарапынан түзілетін, «кұрғақ» және «дымқыл» фракцияларға бөлінуімен;

2) керамика бұйымдарының, кірпіштің, бетонның және темірбетонның қалдықтары;

3) полимерқұрамды қалдықтар және шыны;

4) ағаш қалдықтары;

5) ауіпті қалдықтар (мысалы, бояулар, еріткіштер және т.б.);

6) қаптама қалдықтары;

7) аралас құрылыс қалдықтары.

«кұрғақ» фракциялар үшін коммуналдық және құрылыс қалдықтарына арналған контейнерлер жасыл түске, ал «ылғал» фракциялар үшін сары түске қолданылуы тиіс.

23. Құрылыс қалдықтарын жинауға және контейнерлерде уақытша сақтауға арналған жабдықтың түрі мен қажетті саны қалдық түзуші тарапынан жоспарланған түзілетін көлемге және қажет тасымалдау жиілігіне байланысты есептеледі.

24. Жауапкершілік контейнерлік алаңдарды (құрылыс қалдықтарын жинауға арналған жабдықты) күтіп-ұстау үшін қалдық түзушіге, құрылыс салушыға немесе бас мердігерге жүктеледі, олар толтырылған жинақтаушы бункерлер мен контейнерлерді уақтылы шығаруды және ауыстыруды қамтамасыз етуі тиіс.

25. Әрбір жинақтаушы бункерде және құрылыс қалдықтарына арналған контейнерде олар қандай қалдық түрлеріне арналғаны туралы ақпарат, сондай-ақ жауапты тұлғаның байланыс деректері орналастырылуы тиіс.

26. Қалдық түзуші қалдықтардың саны мен түрлерін есепке алуды жүргізуге, сондай-ақ жергілікті атқарушы органға және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органға тұрақты есептер ұсынуға міндетті.

27. Коммуналдық қалдықтарды жинау және шығару тәртібі қалдық түзілетін нысанда Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 2021 жылғы 28 желтоқсандағы №508 бұйрығымен бекітілген коммуналдық қалдықтарды басқару қағидаларына сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.

28. Құрылыс қалдықтары түзілетін нысандардағы құрылыс қалдықтарын жинақтау орындарына мамандандырылған көлік құралдарының кедергісіз кіруін қалдық түзуші қамтамасыз етеді.

29. Қолданыстағы тараудың талаптарының сақталуын бақылауды жергілікті атқарушы орган және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі жүзеге асырады.

4-тарау. Құрылыс қалдықтарын тасымалдау

30. Құрылыс қалдықтарын олардың түзілетін нысандарынан және сақтау орындарынан тасымалдауды қалдық түзуші өзі немесе қалдықтарды тасымалдаушы, қалдықтарды шығару туралы келісімшарт жасаған ұйым жүзеге асырады.

31. Контейнеры для строительных отходов, не оснащенные крышкой, при их перемещении должны оснащаться (накрываться, обеспечиваться) тентовым укрытием. Бункер-жинақтаушыларды тентпен жабу міндеттері қалдықтарды тасымалдаушыларға жүктеледі.

32. Арнайы көлік құралдары, көлемі үлкен құрылыс қалдықтарын төгу арқылы тасымалдау кезінде қолданылатын шанақ тентпен жабылуы тиіс, ол тасымалдау барысында жүктің шанақтан төгілуіне және түсіп қалуына жол бермейді. Тентпен жабу бойынша міндеттер қалдықтарды тасымалдаушыларға жүктеледі.

33. Құрылыс қалдықтарын олардың түзілетін нысандарынан шығару қалдық түзуші немесе құрылыс қалдықтарын тасымалдаушы тарапынан жасалған келісімшарттарға сәйкес жүзеге асырылады.

34. Құрылыс қалдықтарын түзілу орындарынан құрылыс қалдықтары полигоны алаңына тасымалдауға арналған арнайы көлік құралдары міндетті түрде GPS құрылғысымен (трекермен) жабдықталуы тиіс, ол қозғалыс бағытын нақты уақыт режимінде бақылауға мүмкіндік береді.

35. Құрылыс қалдықтарын тасымалдау құрылыс қалдықтары түзілетін орыннан құрылыс қалдықтары полигонына дейін арнайы көлік құралының рейсін Мониторинг жүйесінде тіркемей жүзеге асырылмайды.

36. Құрылыс қалдықтарын тасымалдау, егер ілеспе құжат (Қосымша Б, СТ РК 3792–2022 «Қалдықтар. Құрылыс қалдықтарын басқаруға қойылатын талаптар. Негізгі ережелер») болмаған жағдайда жүзеге асырылмайды, ал қауіпті құрылыс қалдықтары үшін қосымша қауіпті қалдықтардың паспорты талап етіледі. Ілеспе құжат және қауіпті құрылыс қалдығының паспорты тасымалданатын құрылыс қалдықтарының иесі тарапынан ресімделеді.

37. Құрылыс қалдықтарын қалдықтар түзілетін нысандардан және сақтау орындарынан шығару (тасымалдау) ең тиімді көлік схемалары мен маршруттары бойынша жүзеге асырылуы тиіс.

38. Құрылыс қалдықтарын тасымалдаушылар:

- жүк тасымалдаушыларға қойылатын жалпы талаптарды сақтауға;
- кәсіпкерлік субъектісін мониторинг жүйесінде тіркеуді жүзеге асыруға;
- құрылыс қалдықтарын шығарудың тағайындалған орнына қатысты қалдық түзушінің нұсқауларын орындауға;
- құрылыс қалдықтарын шығарудың көрсетілген тағайындалған орнына барарда мүмкіндігінше құрылыс қалдықтарын тасымалдаудың көлік схемаларына сәйкес жүруге;
- құрылыс қалдықтарын құрылыс қалдықтары полигонына жеткізу кезінде құрылыс қалдықтарын жөнелту фактісін Мониторинг жүйесінде ресімдеуге міндетті.

39. Қалдық түзуші қалдықтарды тасымалдаушыға қатысты бақылауды жүзеге асырады:

- құрылыс қалдықтарының мониторинг жүйесінде қозғалған мөлшеріне қатысты бақылауды жүзеге асырады;
- қызмет көрсету сапасын келісімшарт шарттары мен Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасына сәйкес Мониторинг жүйесіндегі цифрлық құралдар арқылы бақылауды жүзеге асырады;
- құрылыс қалдықтарын тасымалдаушымен жасалған келісімшарттар бойынша басқа шарттық міндеттемелердің орындалуын.

5-тарау. Құрылыс қалдықтарын тасымалдаушыға қойылатын талаптар

40. Құрылыс қалдықтарын тасымалдаушы, тікелей меншік иесі немесе лизинг алушы ретінде, құрылыс қалдықтарын қауіпсіз тасымалдау үшін мамандандырылған көлік құралдарына ие болуы тиіс, соның ішінде өзі аударғыш жүк машиналары, контейнер тасымалдаушылар және қоқыс тасушылар, олар GPS құрылғысымен (трекермен) жабдықталуы керек.

41. Құрылыс қалдықтарын тасымалдаушы құрылыс қалдықтарын тасымалдау бойынша келісімшарттарды Мониторинг жүйесінде жасайды.

6-тарау. Құрылыс қалдықтарын мониторинг жүйесінде тіркеу және бақылау тәртібі

42. Құрылыс қалдықтарын басқару саласында қызмет атқаратын кәсіпкерлік субъектілері мониторинг жүйесінде тіркеледі, өз қызметі туралы ақпарат енгізеді, мониторинг жүйесінің жеке кабинетінде формаларды өздігінен толтырып, сонымен қатар төмендегілерді ұсынады, бірақ тек онымен шектелмейді:

1) Құрылыс қалдықтарын тасымалдаушы:

- заңды тұлғаны тіркеу туралы куәлік;
- құрылыс қалдықтарын тасымалдауға арналған көлік құралдарының техникалық паспорты, кәсіпорында тіркелген;
- жеке тұлғаны куәландыратын құжат, жүргізушінің куәлігі;
- көлік құралдарын GPS құрылғысымен (трекермен) жабдықтау және қызмет көрсету туралы келісімшарттар, соңғы үш айдағы төлем тапсырмалары;

2) құрылыс қалдықтарын түзушілер (қосымша тіркеу куәлігімен, жұмыстарды жүзеге асыру негізі (әкімдіктің қаулысы, келісімшарт және т.б.)):

- компанияның толық атауы, БСН;
- құрылыс алаңының заңды және нақты мекенжайы;
- басшы туралы ақпарат;
- нысанның атауы;
- жұмыстардың басталу және аяқталу мерзімдері;
- құрылыс қалдықтарының түрлері бойынша жоспарланған көлемі/массасы.

3) ҚТҚ үшін контейнерлер мен жинақтаушы бункерлер өндірушісі:

- Заңды тұлғаны тіркеу туралы куәлік;
- өндірістік базаның бар екендігі туралы құжаттар;
- меншіктегі жабдықтың бар екендігі туралы келісімшарттар мен төлем тапсырмалары: металл кесу білдегі, табақ ию білдегі, дәнекерлеу аппараттары, бояу камерасы, компрессорлық жабдық;
- СТ РК ISO 14001-2016 (ISO 14001:2015) «Экологиялық менеджмент жүйелері. Қолдану жөніндегі талаптар мен нұсқаулар», СТ РК ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері. Талаптар» (п. 8.3 қолданылмайды) және СТ KZ сертификаттары;

4) Құрылыс қалдықтары полигоны:

- компанияның толық атауы, БСН;
- құрылыс алаңының заңды және нақты мекенжайы;
- басшы туралы ақпарат;
- нысанның атауы;
- құрылыс қалдықтарын қабылдау кестесі;
- құрылыс қалдықтарын түрлері бойынша қабылдау жоспарланған көлемі.

43. Құрылыс қалдықтарын басқару бойынша кәсіпкерлік субъектілері мониторинг жүйесінің веб-порталындағы тиісті бөлімде тіркеледі. Құрылыс қалдықтарын басқару бойынша кәсіпкерлік субъектілері электронды нысанда формализацияланған бланкіні толтырып, қажетті құжаттарды жүктейді.

44. Тіркеу рәсімі аяқталғаннан кейін кәсіпкерлік субъектілері мониторинг жүйесіндегі жеке кабинетке қол жеткізеді.

45. Ұйымдар құрылыс қалдықтарының санын және түрлерін жинау, тасымалдау және кәдеге жаратуды тұрақты негізде енгізуге міндетті.

46. Мониторинг жүйесі автоматты түрде есептердің генерациясын жасайды, олар келісімшарттық міндеттемелердің орындалуын ішкі бақылау үшін және Астана қаласының қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органдарына есеп беру үшін қолданылуы мүмкін.

47. Құрылыс қалдықтарын басқарудың тиімділігін бағалау және шешім қабылдау үшін аналитикалық құралдарға қолжетімділік мониторинг жүйесі арқылы Астана қаласының қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органдарына беріледі.

48. Астана қаласының уәкілетті органдары экологиялық заңнаманың нормалары мен талаптарының кәсіпкерлік субъектілері тарапынан сақталуын бақылау үшін Мониторинг жүйесінің деректеріне қол жеткізу құқығына ие.

49. Мониторинг жүйесі кәсіпкерлік субъектілерінің келісімшарттық міндеттемелерін, көлемі мен қызмет көрсету сапасын келісімшарттар мен Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасына сәйкес, Мониторинг жүйесіндегі цифрлық құралдар арқылы нақты уақыт режимінде бақылауға мүмкіндік береді.

50. Мониторинг жүйесінің деректерінің құпиялылығы, тұтастығы және қолжетімділігін қамтамасыз ету жауапкершілігі мониторинг жүйесінің әкімшісіне жүктеледі.

7-тарау. Астана қаласы құрылыс қалдықтарының деректер банкін қалыптастыру және жүргізу тәртібі

51. Құрылыс қалдықтарының деректер банкін қалыптастыру және жүргізу Астана қаласының Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы тарапынан құрылыс қалдықтары түзушілерінен жұмыстар аяқталғаннан кейін цифрлық форматта ұсынылған мәліметтер негізінде жүзеге асырылады.

52. Құрылыс қалдықтары туралы мәліметтердің деректер банкіне енгізілген күні болып Астана қаласының Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы тарапынан экологиялық қорытындының, рұқсаттың (құрылыс қалдықтарының паспортының) тіркелген күні саналады.

53. Жобалық құжаттамада құрылыс қалдықтарын басқару процесін өзгертуге әкелетін өзгерістер болған жағдайда экологиялық қорытынды, рұқсат (қауіпті құрылыс қалдықтарының паспорты) қайта келісуге жатады.

54. Құрылыс қалдықтары деректер банкін жүргізу кезінде қамтамасыз етіледі:

- құрылыс қалдықтарының санының есебі;
- қалпына келтіру және/немесе жою операцияларына берілетін құрылыс қалдықтарының санының есебі;
- Астана қаласында құрылыс қалдықтарын басқару саласындағы ағымдағы жағдайды талдау және болашақта болжам жасау..

8-тарау. Астана қаласында құрылыс қалдықтарын басқару қағидаларын бұзу үшін жауапкершілік

55. Қағидаларды бұзу Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапкершілікке әкеледі.

56. Қағидаларды бұзу үшін жауапкершілік барлық мемлекеттік органдарға, кәсіпорындар мен ұйымдарға, олардың ұйымдастырушылық-құқықтық нысаны мен бағыныштылығына қарамастан, сонымен қатар құрылыс қалдықтарын басқарумен айналысатын жеке тұлғалар мен кәсіпкерлік субъектілеріне жүктеледі.
